

ҒТАМА 18.41.91

Әкім Мұратұлы¹*¹Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан***МЫҢЖАСАР МАҢҒЫТАЕВТЫҢ «ЖАЙЛАУДА» ХОР ПОЭМАСЫ****Аннотация**

Мақалада ХХ ғасырдың екінші жартысында танымалдылыққа ие болған Қазақстанның халық әртісі, ұлттық композиторлық мектептің көркемдік бағыттарын бекітуде маңызды рөл атқарған белгілі композитор, профессор Мыңжасар Маңғытаевтың 1968 жылы жарық көрген «Жайлауда» хор поэмасы қарастырылған. М.Маңғытаев пен поэма сөзінің авторы Ш.Мұхамеджановтың өмірі мен шығармашылықтарына қысқа мағлұмат келтірілген.

Поэма мәтініне шағын талдау жүргізіліп, хор диапазоны мен тесситурасы көрсетіліп, шығарманың формасы анықталған. Әр бөліміне жеке тоқталып, белгілі бір ойды, имитацияны, тақырыпты бейнелеп тұрған нақты такт аралықтарына мән беріліп, туындының мәтіні мен әуеніне сай, композитордың көрсеткісі келген ойына анықтамалар келтірілген. Композитордың шығармада туған жердің көрінісін, жайлаудың табиғатын әуенімен керемет жеткізе білгені айқындалған. Талдау барысында, оның сәтті орындалуы үшін дирижерға бірнеше талап қойылуы керек деген *тұжырым* берілген. Сондай-ақ, «Жайлауда» хор поэмасында музыка мен сөз органикалық түрде бірігіп, музыкалық-көркемдік образ әртүрлі тәсілдермен ұсынылған. Композитордың қолындағы хор ұжымы туған өлкенің сұлулығы мен жайлаудың табиғатын бейнелейтін шебер орындаушы екені анықталған. Зерттеуге алынып отырған шығарманы орындаушылық және педагогикалық тәжірибе тұрғысынан қарастырғанда мақалада қол жеткізген нәтижелер *құнды* болары айқын.

Түйінді сөздер: хор, поэма, композитор, М.Маңғытаев, Жайлауда.

Аким Муратулы¹*¹Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Казахстан***ХОРОВАЯ ПОЭМА «ЖАЙЛАУДА» МЫНЖАСАРА МАНГИТАЕВА****Аннотация**

В статье рассматривается хоровая поэма «Жайлауда», изданная в 1968 году Мынжасаром Мангитаевым, известным композитором, сыгравшим важную роль в становлении художественных направлений национальной композиторской школы второй половины ХХ века, даны краткие сведения о жизни и творчестве М.Мангитаева и Ш.Мухамеджанова, автора слов поэмы.

Проведен анализ текста хоровой поэмы «Жайлауда», определена форма произведения, показаны диапазон и тесситура хора. Особое внимание уделено отдельным хоровым партиями, динамике и средствам музыкальной выразительности, которые подчеркивают национальную самобытность произведения и передают основную мысль композитора. М.Мангитаев сумел мастерски отразить в своей музыке картину родного края и природу Жайлау. В результате исследования были выявлены необходимые требования для работы дирижера с хором при разучивании данного произведения. Так же, стало очевидным, что в хоровой поэме «Жайлауда» органично сочетаются музыка и слово, а музыкально-художественный образ представлен различными способами. Хор в руках композитора, в свою очередь, является искусным исполнителем, передающим природу Жайлау, олицетворяющей красоту родного края. Статья представляет *практическую ценность* при изучении данного произведения.

Ключевые слова: хор, поэма, композитор, М.Мангитаев, Жайлауда.

Akim Muratuly¹*¹Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Republic of Kazakhstan***CHORAL POEM «ZHAYLAUDA» BY MYNZHASAR MANGITAYEV****Abstract**

The article deals with the choral poem «Zhaylauda», published in 1968 by Mynzhasar Mangitayev, People's Artist of Kazakhstan in the second half of the 20th century, professor, a famous composer who

played an important role in the development of the artistic trends of the national composition school. Brief information about the life and work of M.Mangitayev and Sh.Mukhamejanov, the author of the words of the poem, is given.

A small analysis of the text of the choral poem «Zhaylauda» was carried out. Analyzing each part of the work in detail, special attention is paid to certain time intervals, individual choral parts, dynamics and means of musical expression, which emphasize national identity and convey the main idea of the composer. The composer managed to perfectly convey in his music the picture of his native land and the nature of Zhailau. As a *result of the study*, the necessary requirements for the work of a conductor with a choir when learning this work were identified. Also, it became obvious that the choral poem "Jailaud" organically combines music and word, and the musical and artistic image is presented in various ways. The choir in the hands of the composer, in turn, is a skilled performer, conveying the nature of Zhailau, personifying the beauty of his native land. The article is of *practical value* when studying this work.

Keywords: choir, poem, composer, M.Mangitayev, Zhaylauda.

М.Маңғытаевтың «Жайлауда» атты хор поэмасы 1968 жылы жарық көрді. Поэма қазақтың көрнекті ақын, жазушысы – Шәміл Мұхамеджановтың сөзіне жазылған.

Маңғытаев Мыңжасар – Қазақстанның халық әртісі, профессор, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ұлттық композиторлық мектептің көркемдік бағыттарын бекітуде маңызды рөл атқарған белгілі композитор. 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында туған. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын профессор Құддус Ходжамьярұлы Қожамьяровтың композиторлық класын бітірген. Маңғытаев шығармашылығы жанрлық жағынан алуан түрлі, жарқын әуенімен ерекшеленеді; оның ұлттық колориттік стилі вокалдық және халықтық-аспаптық принциптердің заманауи рефракциясында органикалық бірігуімен сипатталады. Маңғытаевтың стилі келесі шығармаларынан ерекше байқалады, әсіресе 4 бөлімді поэма-сюитасы: «Қозы мен Баян», симфониялық поэмаларында: «Арман», «Құлагер», оратория: «Елім менің», хорға арналған поэмаларынан: «Ақсақ құлан», «Жайлауда», «Сүйікті отаным», хорға арналған сюитасынан: «Қаратау әуендері» және әндерінен. Ұлы Абайдың өлеңдеріне жазылған «Не іздейсің көңілім» әні кәсіби орындаушылардың ғана емес, халық арасында да үлкен сұранысқа ие болды.

Шәміл Мұхамеджанов – 1931 жылдың 15 қазанында Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай өлкесінде дүниеге келіп, 1980 жылдың 15 желтоқсанында Алматы қаласында өмірден өткен. Ақын 1956 жылы Қазақ педагогикалық институтын тәмамдап, республикамыздың көптеген басылымдарында және де әдебиетке қатысы бар жұмыс орындарында еңбек еткен. 1956-74 жылдар аралығында «Әдебиет және өнер» журналының бөлім жетекшісі (қазіргі «Жұлдыз»), «Жазушы» басылымының редакторы қызметін атқарған. 1959 жылы М.Ю.Лермонтов, Л.П.Украинка, Я.В.Смеляков, Р.Гамзатов өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Ақынның қалам ұшынан шыққан өлеңдер жинағы: «Ана құшағы» (1960); «Қашалақ» (1962); «Адалдық» (1963); «Ақ жалын» (1964); «Туысқан» (1966); «Көңілашар» (1968); «Күн төбеде тұрғанда» (1972); «Өмір гүлдері» (1972); «Назқоңыр» (1973); «Шағала көңілім, шарықта» (таңдамалы, 1974); «Арқа сүйер тірегім» (1976); «Ақ желең» (1978); «Дәуір дауысы» (1979); «Жас қанат», (поэмалары, 1980); «Дала тынысы» (өлеңдер, 1980); «Шабьтты шақ» (өлеңдер мен поэмалары, 1981).

«Жайлауда» шығармасының жанры: аралас хорға арналған поэма. Хор поэмасы (грек тілінен аударғанда Poіema – «жаратылыс» деген мағынаны білдіреді) – мазмұнның ерекше маңыздылығымен, эмоционалды көтерілуімен, орындаудың монументалдылығымен сипатталатын хорға арналған шығарма. Бұл жанрдың жарқын үлгілері ретінде Д.Шостаковичтің «Революциялық ақындардың сөзіне жазылған он өлең», С.Рахманиновтың «Қоңыраулар», Г.Свиридовтың «Сергей Есенинді еске алу» атты хор шығармаларын атауға болады.

М.Маңғытаевтың «Жайлауда» поэмасының әдеби мәтінінің мазмұны:

Тақырыбы: Жайлауды бейнелеу арқылы табиғат сұлулығын, туған жерге, өлкеге деген махаббатын жырлау.

Идеясы: Қазақтың кең даласын, байтақ жерін, өзен-көлдері мен тау-тасын және де қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, еркіндігін бейнелеп көрсету. Мысалы:

Жайлау қандай жаныңды жадыратқан,
Өзен анау тау төсін жарып жатқан.
Қолда құрық жотада тұр жылқышы,
Жас жүрегі лүпілдеп жалын атқан.

Көк майсаны жастанып,
Жатырмыз міне жағада.
Өзінен өзі шаттанып,
Күледі көкте шағала.

Өзен анау түп-тұнық,
Шалғыны мынау құлпырған.
Жақсы еді қалай жаз айы
Айнала алтын нұр тұнған.

Өлең шумағы төрт тармақты, аралас ұйқаста қазақ поэзиясына тән 11 және 7-8 буында жазылған. Бірінші шумақтың тармақтары 11 буыннан тұрады, екінші мен үшінші шумақ тармақтары 7-8 буыннан құралған. Поэманың құрылымы Кіріспе мен қорытындысы бар күрделі музыкалық мінездемесі жағынан бір-біріне қарама-қарсы келетін екі бөлімнен тұрады.

Кіріспе	I бөлім	II бөлім	Қорытынды
As-dur тональдігінде 15 тактіден тұрады. Тональдігі: As	Қарапайым бір тақырыпты екі бөлімді формада 13 такт + 14 такт Тональдігі: As-G	Қарапайым бір тақырыпты үш бөлімді AA1A формасы полифониялық әдісте жазылған (тақырып эртүрлі дауыстарда өткізіледі) 16 т + 15 т + 13 т Тональдігі: g - Es	15 тактіден кұралып B-dur тональдігінде кіріспенің тақырыбын дәл бір тон жоғары қайталайды.

Тональдік ерекшеліктеріне келетін болсақ, тональдік жоспары As-dur басталып, B-dur ауысады.

Хор типі: аралас хор, хор түрі: 8 дауысты, барлық дауыстарда *divisi* кездеседі. Шығармадағы көпдауыстылық максималды 8 дауысқа дейін бөлінеді. Орындау үшін камералық хордың құрамы жеткілікті.

Хор партияларының диапазондары:

C1	es - as2
C2	es - f2
A1	c - d2
A2	B - d2
T1	F – g
T2	F – es
B1	B2 – des
B2	F2 – des
САТБ	F2 - as2

Диапазоны мен тесситурасы хорға қолайлы жазылған. Динамикасы берілген тесситураладағы хор партияларының табиғи дыбысталуына ықпал етеді. Әрбір дауыстың мелодиялық желісі (дауыс жетекшілігі) партияның техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келеді және әр дауыста жеткілікті дамыған әуен бар.

Шығарма кіріспесі 15 тактіден тұрады, кездейсоқ альтерациялық белгілері кездеседі, сол себептен дайындық барысында назар аудару керек. *Allegro* екпінінде қуанышты және көңілді күйде болғандықтан хордың ұжымынан салтанатты, ашық, жарқын дыбысты талап етеді. Кіріспеде С мен Т және А пен Б партиялары бір-бірінің әуенін қайталайды, тек 11 мен 12 тактіде А мен Б партияларында өзгешелік кездеседі. Мәтінге назар аударсақ, кіріспе қазақ халқына тән лексикалық емес сөздерден (Ә.Байғасқинаның термині) құралған «ей, ла, лей, пай, а».

Мысал 1. Лексикалық емес сөздер

Кіріспенің бастапқы тактілеріне негізгі әуен С және Т партиясында, *ff* динамикасынан бастау алады. Ал А пен Б партиясының әуені *f* динамикасына сай, жаңғырықтың рөлін сомдайды. Сонымен қатар үлесті бөлектететін «>» акцент түрі кездеседі. Әуен созылыңқы ноталардан және «Ей! Ла-ла лей» сөзінен бастау алады, бұндай әуенді бастау әдісі қазақ халқына тән ақын, сал, серілеріміз қолданған. 8-10 тактілерде төмендеу және көтерілу секвенциялық әдісі қолданылған. Секвенцияның мәтіні «ла-ла-ла» сөзінен құралған, осы тактілердегі өлшемнің «и» үлесінде *staccato* белгісі кездеседі, осыған назар аударып үзіп орындау керек. Бұл жерде тау жотасына атпен шауып бара жатқан жылқышы бейнесі секвенция әдісі арқылы көрініс табады. (Мысал 1)

Шығарманың 11-15 тактілер аралығы кіріспенің кульминациясы болып табылады. Бұл жерде екпінді бәсеңдететін *ritenuto* белгісі кездеседі. Хор ұжымына кіріспенің динамикалық дамуы *f*, *ff* дан *fff* дейін болғандықтан, дауыстың дыбысталу күшін дұрыс қолдана білу қажет. Мәтіні «-лей, пай, а» сөздерінен құралған және әр нота мен әр сөзді бөлектететін «>» акцент түрі қолданған. Кіріспенің соңғы үш тактісінде *fermato* белгілері кездеседі. Кіріспе бөлімін ақындық әуендік иірім (С.Елеманованың термині) ретінде, яғни айтыскер, ақын, сал серілер қолданатын қаратпа сөзі деуге де болады. (Мысал 1)

Бірінші бөлім 16-42 тактілер аралығын қамтып, *Allegretto* екпінінде орындалады. Кіріспенің екпіннен бәсеңдеу болса да, көңіл-күйінің сақталуы талап етіледі. Бұл бөлімде кездейсоқ кездесетін альтерациялық белгілерге дайындық кезінде көңіл бөлген жөн.

С мен Т партияларына назар аударсақ, 16-29 такт аралығында әуендері вокализ ретінде жүреді. Мәтіні қазақ халқына тән лексикалық емес «ла-ла-ла» сөзінде орындалады, тек 23-25 пен 28-29 тактілерде С партиясында «жа-ды-рат-қан» және «жа-рып жат-қан» лексикалық мәтін кездеседі. Әуеніне назар аударсақ, С партиясында унисоннан дауыстың екіге бөлінуін, *divisi* әдісін байқауға болады. Осы тактілердегі әуені мен мәтіні Б партиясында орындалып жатқан негізгі әуеннің жаңғырығы ретінде орындалады, яғни

композитор С партиясының әуені арқылы тау бөктерінде де орналасқан жайлау бейнесін суреттеп тұрғанын байқаймыз.

Мысал 2. *Divisi әдісі*

The musical score shows two staves, S. and T., with lyrics written below. The S. part begins with a piano (*p*) dynamic and the T. part begins with mezzo-forte (*mf*) dynamic. The tempo is marked as ♩ = 92 *Allegretto*.

S. part lyrics: ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла, жа-ды Ұат - кан, ла, ла, лей, жа-рып жат - кан.

T. part lyrics: ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - ла - лей,

Бірінші бөлімде А партиясының 16-33 такт арасындағы әуеніне назар аударсақ, екі дауысқа бөліну *divisi* байқаймыз. 16-17 тактіде А1 және А2 дыбыстарының арасы т4-ны құрайды, біз білетін қазақтың ұлттық, киелі аспабы домбыраның кос пернесінің дыбысталу арасы т4-ны құрайды. Яғни композитор 16-33 такт арасында А партиясы арқылы домбыраның үнін бейнелеп тұр. Сонымен қоса т4 басқа ү2, к2, ү3, к3-ға дыбыстар мен кездейсоқ альтерациялық белгілер әуенінде кездеседі. Мәтінін де жоғарыда атап өткендей лексикалық емес «ла-ла-ла-ла» сөздерінен құралған. Бұл тактілерде А партиясының әуені сүйемелдеуші аспаптың бейнесінде жүреді. Осы кезде сұрақ туындауы мүмкін: Неге композитор тұрақталған «ды-ғы-дң-дң» деген домбыраның үніне сай келетін лексикалық емес сөзді қолданбады? Неге «ла-ла-ла-ла» қолданды? – деген. Жауабы оңай, егерде композитор жоғарыда атап өткен мәтінді қолданатын болса, композитор шығармада көрсеткісі келген көңіл-күйге сай келмейтін еді, сондықтан, «ла-ла-ла-ла» мәтіні қолайлы болып табылады.

Бұл бөлімнің негізгі әуені Б партиясына тиесілі, 34 такт затактісі мен 37 такт аралығынан басқа, бұл тактілердегі негізгі әуен С мен Т партияларында өтеді. С, А, Т партияларының орындауындағы 16-19 тактілер бөлімнің кіріспесі ретінде келеді, 20 такт затактісінен Б партиясы негізгі әуенді бастайды. Мәтініне назар аударсақ, шумақтың тармақтары қазақ поэзиясына тән 11 буынан құралған. Әуені мен мәтінін байқасақ, онда көп жерлерде, әр буынға екі нотадан сай келеді, мысалы: нүктелі 8 пен 16 нота-ақсақ ырғақ, екі 16 нота, екі 8 ноталардан тұрады. Олар буынды әуендету арқылы жасалып, негізгі әуенге кең тыныс береді. Мұнда жаңа бунақ шыққан сайын оның уақыт параметрлері арта түседі. Композитор әр буынға сай келетін 16 нотадан, бірте-бірте әр буынға сай келетін 8 нотаға өтуі, бізді 39 тактіден бастау алатын *ritenuto*-ға дайындайды.

Бөлімнің динамикасына мән берсек, 16 тактіден С мен А партиялары *p* және Т партиясы *mf* бастайды, 20 такт затактіден негізгі әуені бар Б партиясы *mf* динамикасынан бастау алғандықтан, Т партиясы Б партиясына динамика жағынан жол беруі қажет. 30 такт затактіде бүкіл партия *mf* динамикасында бастайды. 34 такт затактіден С, А, Б партиясы, 34 тактіден Т партиясы *f* динамикасымен бастау алады. Бұл тактілердегі негізгі әуенді бірінші С партиясы бастап, бір үлес кеш түскен Т партиясы, С партиясын әуенін түп нұсқада қайталап, мәтінінде өзіндік бір хаус туындайды. 37 такт затактіден бастау алған Б партиясы негізгі әуенді жалғастырып, бірінші бөлімнің 40 тактісіне сай келетін шарықтау шегіне алып келеді. Динамикалық даму бірте-бірте дыбысты күшейту *creshendo* (<) белгісі арқылы жүзеге асады. Келесі 40 такты *mp*, 41 такты *p* және *fermato* динамикалық белгілер А партиясында көрсетілген, бұл динамикалық белгі бүкіл партияларға қатысты. Аталған белгілер келесі бөлімді бастайтын А партиясын екінші бөлімнің динамикасы мен көңіл-күйіне дайындайды.

Екінші бөлім 43-86 тактілер аралығын қамтиды. Бөлім *Andantino* екпінінде орындалады, екпіні басқа бөлімдерге қарағанда бәсеңдеу және әуені өзге лирикалық, толқуға толы әуезді көңіл-күйді талап етеді. Бұл бөлімде кездейсоқ альтерациялық белгілер кездеспейді. Дегенмен, секундалық үндестік, т.4 және к.6 секірістерге көңіл бөлген дұрыс.

Бұл бөлімде композитор жайлауды, таудың мұзды төрінен бастау алатын өзеннің ағуын, толқуын, таң атысы мен кеш батысына дейінгі уақыт мерзімін әуен арқылы жақсы жеткізген.

Бөлім полифониялық әдісте жазылғандықтан, тақырып кезекпе-кезек ауысып, әртүрлі дауыстар арқылы дамиды. Бөлімде 43-58 такт аралығында С мен А партиялары тақырыпты дамытады. Әуеннің жоғары төмен дамуы, триольдің кездесуі және тақырыптың С мен А арасында алмасуы, өзеннің толқуын бейнелейді. Динамикасы бірте-бірте даму арқылы *p*-дан *mp*-ға әрі қарай *crescendo*-ның көмегімен тыңдаушыларды ерлер хоры қосылатын *mf*-ға алып келеді. Бұл әйелдер хорының орындауындағы динамикалық даму жайлауда ағып жатқан өзеннің таң ертеңгі уақыт мерзімін бейнелейді.

Мысал 3. Өзен толқуын бейнелеу

43 44 45 46 47 48 49 50 51 52 53 54 55 56 57 58

Andantino
♩ = 72

S
p Көк май-са-ны жас-та-нып *mp* жа-тыр-мыз *mf* мі-не жа-ға-да, Ө-зі - нен ө - зі шиг-та - нып *mp* кү-ле-ді көк - те, кү-ле-ді көк - те, кү-ле-ді көк-те ша-ға - ла А..

A
pp Көк май-са-ны жас-та-нып *mp* жа-тыр-мыз *mf* мі-не жа-ға-да, Ө-зі-нен ө - зі шиг-та-нып *mp* кү-ле - ді көк-те, ша - ға-ла кү-ле-ді көк-те ша-ға - ла А..

Т мен Б партиясы 59 тактіден қосылып *Tutti* орындалады (Мысал 4). Әуеніне назар аударсақ, А партиясы 60-74 тактілер (Мысал 4) арасында 44-58 такт (Мысал 3) аралығында орындалған әуенді, ал Т партиясы С партиясының әуенін дәлме-дәл қайталайды. С партиясы мен Б партиясына назар аударсақ, оларда, кезекпе-кезек байқалмайтын тізбекті тыныс алуды талап ететін созылыңқы ұзақтықтар кездеседі.

Композитор 58-74 такт (Мысал 4) аралығында С партиясы арқылы жазғы мезгілдегі түскі уақыттағы көктен нұрын шашқан күнді және күннің сәулесін бейнелеген. Б партиясына келетін болсақ 59-86 такт (Мысал 4) аралығында әуені *divisi* арқылы орындалады. Интервалдың ара қашықтығы көбінесе т.5 арқылы жүреді және т.8 интервалдар кездеседі. Әуенінің үні, қобыз аспабының үніне имитация жасайды. Композитор Б партиясында қобыз аспабына имитация жасау арқылы, сол тактілердегі мәтініне сай, түп-тұнық өзеннің толқуын бейнелейді. Мәтініне келетін болсақ, С партиясында 58-73 такт (Мысал 4) және Б партиясы 59-86 такт (Мысал 4) аралығы лексикалық емес сөзбен, яғни «А» буынымен орындалады, тек 75-77 тактіде Б партиясында лексикалық сөздер «жақсы еді, жаз айы» деген мәтін кездеседі.

Динамика жағынан 58-74 такт (Мысал 4) аралығында *mp*, *mf*, *f* арқылы және дыбыс күшінің бірте-бірте *crescendo* (<) мен *diminuendo* (>) арқылы композитор жайлауда ағып жатқан өзеннің түскі бейнесінен кешкі көрінісіне ауысуын суреттеп дайындайды.

Екінші бөлімнің 75 тактының затактісімен 84 такт аралығында С мен Т партиясының әуені бірін бірі дәлме-дәл қайталайды. Негізгі әуен А партиясында жүреді, С пен Т жаңғырықтың ролін сомдайды, Б партиясы сүйемелдеуші аспаптың ролін орындайды. 75 тактының затактісінен басталған динамикасы арқылы бізге кешкі уақыт және 82 тактіде *mp*, 85 тактідегі *p* мен 83 бастау алатын *ritenuto* арқылы жым-жырт түнгі уақытты суреттейді. Екінші бөлімнің шарықтау шегі 86 тактіге сай келеді, С, А, Б партияларында бірінші үлестен бастап *fermato* бар, ал Т партиясында *fermato* екінші үлеске түседі және ол тыңдарманды репризаға дайындайды.

Мысал 4.

58 59 60 61 62 63 64 65 66 67 68 69 70 71 72 73 74

S. *mf* а а а а а а

A. *mf* Ө-ни ма-жу түр-тұ-рық. ша-ғы-ны ма-жу құр-тар-ған. Жал-сіле-сі қа-пай жа-а-бы, ай-на-ла ал-тын құр-тар-ған. ай-на-ла ал-тын құр-тар-ған. а

T. *mf* Ө-ни ма-жу түр-тұ-рық. ша-ғы-ны ма-жу құр-тар-ған. Жал-сіле-сі қа-пай жа-а-бы, ай-на-ла ал-тын ай-на-ла ал-тын ай-на-ла ал-тын ай-на-ла ал-тын құр-тар-ған.

B. *mp* а а а а а а а а а а а а а а а а а

Шығарманың репризасы, толықтай кіріспенің әуенін бір тон жоғары қайталайды. Сондықтан да кіріспедегі көңіл-күй мен динамикалық белгілер толыққанды қайталану керек. Композитор екінші бөлімде бейнеленген уақыттың ауысуын көрсетіп, кульминациясы және бір тон жоғары орындалған репризасы арқылы жаңа атқан таңды бейнелейді.

Мысал 5. Реприза

87 88 89 90 91 92 93 94 95 96 97 98 99 100 101

♩ = 120
Alllegro

S. *ff* Ей! Ла-ла лей, ла-ла-ла-ла-лей, ла-ла-ла-ла-лей, ла-ла-ла-ла-ей, ей, ей, ла-ла-ла, ла-ла-ла, ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, лей, пай, пай, пай, пай! А!

A. *f* Ей! Ла-ла лей, ла-ла-ла-ла-лей, ла-ла-ла-ла-ла-ей, ей, ей, ла-ла-ла, ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, лей, пай, пай, пай, пай! А!

T. *ff* Ей! Ла-ла лей, ла-ла-ла-ла-лей, ла-ла-ла-ла-лей, ла-ла-ла-ла-ей, ей, ей, ла-ла-ла, ла-ла-ла, ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, лей, пай, пай, пай, пай! А!

B. *f* Ей! Ла-ла лей, ла-ла-ла-ла-лей, ла-ла-ла-ла-ла-ей, ей, ей, ла-ла-ла, ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, ла-ла-ла-ла, лей, пай, пай, пай, пай! А!

М.Маңғытаевтың «Жайлауда» хор поэмасын жан-жақты талдау барысында, шығарма сәтті орындалуы үшін дирижерға келесі талаптар қойылуы керек деген тұжырымға келдік:

1. Шығармаға орындаушылық талдау жасап, дұрыс түсініп барып, кірісу;
2. Партитураны жан-жақты талдап, хормен жұмыс жоспарын дайындау;
3. Ұжымға композитордың шығармада алға қойған негізгі ойы мен мақсатын жеткізу;
4. Дикция, нюанстар, қарқын мен ырғақ бойынша тынымсыз, ұзақ жұмыс істеу;
5. Дикциялық және орфоэпиялық ансамбльдерді қалыптастыру үшін дауысты және дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуына назар аудару.

Осы қойылған талаптарға қол жеткізген жағдайда шығарманың орындалуы өз мәресіне жетіп, тыңдарманның көңілінен шығатынына сенуге болады.

Қорытындылай келе айтарымыз, «Жайлауда» хор поэмасында әуен мен сөз ұштасып, музыкалық көркемдік бейне әр-түрлі әдіс-тәсілдермен қамтылған. Композитордың

қолындағы хор, өз алдына, кең байтақ жеріміздің жайлау табиғатын бейнелейтін, өлкенің сұлулығын суреттейтін шебер орындаушы екені анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан композиторлары. Композиторы Казахстана. Творческие портреты (на казахском и русском языках). Том второй. Кетегенова Н.С., Нусупова А.С. – Алматы: АО «Алматы-Болашақ», 2017. – 624 с.
2. Костанайская областная универсальная научная библиотека им. Л. Толстого. Мухамеджанов Шамиль (1931–1980) <https://www.kstounb.kz/ru/kraevedenie/pisateli?node=2469&vis=mobile>
3. *Радько, Н.А.* Основы комплексного анализа хоровых произведений: учеб. пособие / Н. А. Радько; Алт. гос. акад. культуры и искусств. – Барнаул: Изд-во АлтГАКИ, 2010. – 131 с.

References (transliterated)

1. Kazakhstan compozitorlary – Compozitory Kazakhstan. Tvorcheskie portrety (na kazakhskom i russkom iazykah). Tom vtoroi. – Almaty: «Almaty-Bolashak», 2017. – 624 s.
2. Kostanaiskaya oblastnaya universalnaya nauchnaya biblioteka im. L. Tolstogo. Mukhamedjanov Shamil (1931–1980) <https://www.kstounb.kz/ru/kraevedenie/pisateli?node=2469&vis=mobile>
3. *Radko, N.A.* Osnovi kompleksnogo analiza khorovih proizvedenii: uchebnoe posobie / N.A. Radko; Alt. gos. akad. kultury i iskusstv. – Barnaul: Izd-vo AltGAKI, 2010. – 131 s.

Автор туралы мәлімет:

Мұратұлы Әкім – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: өнертану кандидаты, доцент *Бултбаева Айзада Зейкеновна*.

Сведения об авторе:

Мұратұлы Әкім – магистрант 2-го курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. Научный руководитель: кандидат искусствоведения, доцент *Бултбаева Айзада Зейкеновна*.

Information about the author:

Akim Muratuly – 2nd year master's student of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory. Scientific supervisor: Candidate of Arts and Sciences, Associate Professor *Aizada Bultbayeva*.